


10 тамыз – қазақ халқының бас ақыны һәм ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының жарық дүниеге көрінген күні. Сол себепті біз ұлы ойшылдың туған күні қарсаңында философия ғылымының докторы, профессор, академик Тілекжан Рысқалиевпен Абайтану сипатындағы сұхбатын жариялап отырмыз.



Философия ғылымының докторы, профессор, академик Тілекжан РЫСҚАЛИЕВ:

нақты оқып жүрдік. Көптеген өлеңін жатқа айтатын едік. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы бізге Абайды жақсы таныстырды. Содан бері Абайдың 1968 жылы жарық көрген екі томдығы қайда жүрсем де, менің жанымда болды. Қазір де 2016 жылы жарық көрген Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы үстелімнің үстінде жатады. Жиі-жиі оқып отырамын.

адам өмірінің айнасы ретінде нақты көрініс тапқан. Менің жоғары оқу орындарында сабақ беріп келе жатқанымалпыс жылға жуықтады. Өне бойы студенттерді Абайдың өлмес, өшпес мұрасымен таныстырып жүрмін. 1999 жылы Алматыда «Даналық пен түсініктің үлгілері» деген монографиям, 2015 жылы Алматыда «Философия тарихы» деген оқулығым жарық көрді. Қазір жер-жерде студенттер менің осы оқулығымды пайдаланып жүр. Осы шығармаларда және жарық көрген мақалаларымда жалпы философия тарихына шолу жасап,

«Ақиқат» журналында «Абай жолы – дамудың даңғыл жолы», «Орал өңірі» газетінде «Абай ілімі – ар ілімі» деген мақалаларым жарық көрді. Бұл мақалаларда мен Абай ілімін әр қырынан ашып сипаттадым. Әрине, бұл мақалалар бірін-бірі қайталамайды.

Заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов Абай туралы романының атын «Абай жолы» деп тауып қойған. Біз де бүгінде ілгері басу үшін, дамыған елдердің қатарына қосылу үшін Абай көрсетіп кеткен, өсиет еткен жолмен жүруіміз керек. Қытай халқы Конфуций жолымен жүріп, қандай жетістіктерге жеткенін көріп отырмыз: дүние жүзіндегі ең бай ел Американы қуып жетуге жақындады. Мен бір мақаламды «Абай жолы – дамудың даңғыл жолы» деп ата-

баста-ақ, – деп көкейкесті ойын білдіреді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жоғарыда аталған мақаласында Абай іліміне «қазақ халқының өмірлік философиясы» деп әділ баға бергенін айта кеткім келеді.

Қоғамның басты байлығы – адам. Жаңа Қазақстан жаңа адамды қажет етіп отыр. Ол қандай адам? Ол білімді, жігерлі, іскер, кәсіби маман, адал, ұлтжанды, отаншыл адам болуы керек. Осындай адамды тәрбиелеп өсіруге Абай ілімі өз үлесін қоса алады. Абайда бізге керек нәрселердің бәрі бар. Тек ала білсек болғаны.

– Сонымен Абай философиясын қалай сипаттауға болады?

– Абайды ойшыл, философ деп айту оңай. Шынында да,

«Абайды оқымай, оқысақ көп адастық, әлі де

– Тілекжан Хасенұлы, Кеңес дәуірінде біз институтта маркстік-лениндік философияны оқыдық. Сол кезде Абай ілімі тасада қалып қойған жоқ па?

– Шынында да, Кеңес заманында қазақ философиясы туралы әңгіме болған жоқ. Философия деген ғылым – теориялық таным, барлық ғылымның негізі. Қазақтар сияқты көшпелі халықтарда, әрине, мұндай философия болған жоқ деген түсінік болды. Бірақ өзім қазақ философы ретінде Маркс туралы, Ленин, Гегель туралы айтып, жазып жүрсем де, арасында қазақ әдебиеті, қазақ ойлауы, Абай, Ыбырай, Шоқан туралы ойлауға, ойлануға тура келді.

Киев университетінің философия факультетінде оқып жүргенде замандас студенттерге Абай туралы, оның терең мағыналы өлеңдері, қара сөздері туралы жиі айтып жүрдім. Кейбіреулер менің ықпалыммен орыс тіліндегі Абай өлеңдерін оқып, «Абайда сен айтып жүргендей философиялық идеялар жоқ қой» деп күмән келтіріп жүрді. Мұндай пікірдің де жөні бар еді. Орыс тіліндегі Абай – түпнұсқадағыдай Абай емес еді. Абай өлеңдері өзімізге жақын орыс тілінде де мәнді, мағыналы болып шықпай жүрді. Ақындығы көрінеді, ал ойшылдығы аңғарылмайды.

Мектепте біз Абайды тия-

– Сіз көптен бері қазақ философиясын, соның ішінде Абай мұрасын зерттеп жүрсіз...

– Қазақ философиясымен және Абай ілімімен еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тыңғылықты айналыса бастадым. Күні кешегі XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында-ақ мен қазақ философиясы туралы, қазақ философиясының ерекшеліктері, қандай философия екені туралы, қазақ философиясының әлемдік философиямен сабақтастығы, жалпы философиядағы алатын орны туралы көп ойландым, бірнеше мақала жаздым. Қазақ философиясы – даналық философиясы, түсінік философиясы, тәлім-тәрбие философиясы, өмір философиясы ретінде әлемдік философиядан лайықты орын алатынын дәлелдеуге тырыстым.

Мен қазақ философиясының өзегін, мән-маңызын, үлгі-өнегесін, тұжырым-түйінін жыраулар мен би-шешендердің рухани мұраларынан, әсіресе, Абай шығармаларынан іздедім және таптым. 2018 жылы «Қазақ философиясының үлгісін Абайдан табуға болады» деген көлемді мақала жариялады.

Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ философиясы, жоғарыда айтқанымдай, даналық ретінде, таным-түсінік ретінде, тәлімгерлік ілім ретінде, қоғам өмірінің,

қазақ философиясына және Абай іліміне кеңірек тоқталдым.

1995 жылы Абайдың 150 жылдығына орай «Абай философиясының ерекшеліктері», «Абай как мыслитель» деген мақалалар жариялады. 2015 жылы Абайдың 170 жылдығына орай Мәскеуде «Берегиня» деген журналда (№4) «Созвучие душ Пушкина и Абая как мыслителя», сол жылғы «Қазақ әдебиетінің» тамыздағы мерейтойлық нөмірінде Абай туралы «Ойшылдың мен де сынды бірімін деп» атты мақалаларым жарық көрді.

2020 жылы Абайдың 175 жылдығы елімізде жоғары дәрежеде атап өтілді. Бұған өзінің «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» деген терең мағыналы мақаласымен ұйытқы болған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еді. Мен де Абайтануға өз үлесімді қосқым келді. Сондықтан «Қазақ әдебиетінде» – зиялы қауымға, «Егемен Қазақстанда» – жалпақ жұртқа, «Ақиқат» журналында – ғылыми қауымдастыққа, «Орал өңірінде» – өзіміздің оқырмандарға арнап мақалалар жазуым керек деп алдыма мақсат қойдым. Осы жоспарымды орындадым. «Қазақ әдебиеті» газетінде «Абай ілімі және бүгінгі қазақ философиясы», «Егемен Қазақстан» газетінде «Абай философиясының қыры мен сыры»,

дым деп жоғарыда айттым ғой.

Бір кезде Аполлон Григорьев деген орыс ақыны «Пушкин – наше все» деп айтып еді. Сол сияқты біз де «Абай біз үшін – бәрі» деп айта аламыз.

Халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов «Абайы бар қазақ адаса қоймас» деп айтып еді. Өкінішке орай, олай болмады. Абайды оқымай, оқысақ та жете түсінбей, Абайдың айтқанына көнбей, көп адастық, әлі де адасып келеміз. Абай бүгінде тірі болса: «Қайран сөзім қор болды, көп қазақтың езіне» деп айтар еді. Ол «тобықтының езіне» деген еді. Мен өзгертіп айтып отырмын.

Қазір ұрпақ тәрбиелеуде, ар-ұяты бар, иманы түзу, ерік-жігері мықты, елім деп, халқым деп өмір сүретін, еңбек ететін азамат тұлғаны тәрбиелеуде Абайдан үйренер үлгілер, нұсқаулар молынан табылады. Тек іздей білуіміз керек.

Үлгі, өнеге туралы Абай туындыларында жиі сөз болады. Қара сөздерін не үшін жазды? Халқын үйрету үшін, түзету үшін, түзу жолды көрсету үшін жазды. «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» деген өлеңінде Абай:

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,

Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,

Думан-сауық ойда жоқ әуел

оның философиясы қандай философия? Шет жағасын мен жоғарыда айттым: Абай философиясының ерекшелігі – тұнып тұрған даналықта, терең таңғажайып таным-түсінікте, тәлімгерлік бағытта деп. Абайдың әр өлеңінен, қара сөздерінен осы бағыттағы ойларды, идеяларды таба аламыз. Әуелі жалпы философияның мән-жайына тоқталайын.

Философия деген күрделі, жан-жақты ілім, ғылым, көз-қарас, таным жолы, яғни әдіснама. Философияны ілім деп те, ғылым деп те қарастыруға болады. Ғылым ретінде философия табиғаттың, қоғамның, танымның даму заңдарын қарастырады. Ғылым жолымен дамыған философия жалпы дүниелерге, сыртқы объектерге баса көңіл бөледі.

Білім, ғылым жөнінде Абай көп ойланады, олардың қадір-қасиетін сөз етеді. Бірақ Абайдың философиясын ғылым деп сипаттай алмаймыз. Мұндай мүмкіндік Абайда ол кезде болған жоқ. Абайдың философиясын ілім деп атаған дұрыс болады: даналық туралы, тәлім-тәрбие туралы, адам туралы, өмір туралы ілім деп.

Екі түрлі философия бар: **кәсіби-ғылыми философия** және кез келген адамға бағытталған **қарапайым философия**. Орысша айтсам: популярная философия. «Popularis» деген латын сөзінің мағынасы – халықтық.

Абайдың философиясы осындай қарапайым, яғни халықтық философия. «Қарапайым» деген сөзді тайыз, деңгейі төмен екен деп ойлауға болмайды. Абайдың ілімі тайыз емес. Абайды жатқа білетіндер елде аз болмас, бірақ оны түсінгендер көп деп айта алмаймын. Л. Толстой тайыз емес.

Кейбір философтарды ойшыл (мыслитель) деп атаған дұрыс болады. Мысалы, Пушкин ойшыл. Толстой ойшыл. Абай да Кант, Гегель, Маркс сияқты кәсіби маман философ емес, ойшыл. Мен 1999 жылы «Ұлт тағылымы» деген журналда «Абайдың ойшылдығы» деген көлемді мақала жарияладым (№6). Абай шындығында да туа біткен (самородок) ойшыл, дана. Орыс философы Михаил Бахтиннің: «Нағыз философтар, әрине,

Әбден үміт үзіппін, – дейді. Философия – сыншыл көзқарас. Сократ сыншыл болды. Конфуций сыншыл болды. Кант та, Шопенгауэр де, Маркс те сыншыл болды. Философия қай нәрсенің де, соның ішінде адамның да бір күйде қалып қоймай, өскенін, жетілгенін қалайды.

Терең мағыналы «Сегіз аяқ» деген өлеңінде Абай қазақты, замандастарын на-дандығы, бейқамдығы, жалқаулығы, ұятсыздығы үшін сынады:

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде.
Жігерлен, сілкін,
Қанаттан, беркін
Деп насихат бергенде.
Ұятсыз, арсыз салтынан,
Қалғып кетер артынан, – дейді.

Тағы бір жерде:

лы, уақыт туралы, өнер, білім, ғылым туралы айтқандары, жазғандары оқыған адамдарға бағыт береді, сабақ болады. Біз қандай жағдайда да Абайға жүгінсек, Абайға ден қойсақ, өмірде мазалаған сұрақтарға жауап аламыз, тығырықтан шығар жол табамыз.

– Сіздің ойыңызша, Абай философиясының бір ерекшелігі терең түсінік болып табылады. Түсінік деп танымды, ұғымды айтып тұрсыз ба?

– Адамға білім әперетін таным бар және түсінік бар. Таным мен түсінікті шатастыруға болмайды. Адамдар көбіне таныммен, біліммен шектеледі. Қазақта: «Оқу, оқығанды тоқу» деген даналық сөз бар, ал Ыбырай Алтынсарин айтады:

та жете түсінбей, адасып келеміз...»

сөзі – аз, бірақ мағынасы терең» дейді.

– Ағай, енді Абайдың осы кезге дейін мәнін жоймаған идеялары, ілімдері туралы айтсаңыз?

– Абай шығармаларынан біз адам болып өмір сүрудің нақты жолдарын таба аламыз. Абай ілімінің өміршең идеяларының бірі – «Адам бол!» идеясы.

Адам болу үшін ең алдымен білімді болуың керек. «Дүниенің асылы – білім мен өнер» дейді Абай. Білімді болу үшін оқу, іздену қажет. Өнерлі болу үшін үнемі еңбек ету керек. «Өнерпаз болсаң арқалан» дейді Абай. Ол міндетті түрде ақын бол, әнші бол деп тұрған жоқ. Қарапайым еңбек те – өнер, кәсіп те – өнер. Тек өнерді жетілдіре беру керек. Абайдың заманы малы көптер билейтін заман болды. Абай білімі, өнері көптер билейтін заман болса екен деп армандайды.

«Менсінбеуші ем наданды, Ақылсыз деп қор тұтып, Түзетпек едім заманды, өзімді тым-ақ зор тұтып» деп шын-ын айтады. Абай: «Адал бол – бай тап, Адам бол – мал тап» дейді. Бүгінгі нарық заманының талабы да осы: адал еңбек арқылы бай-қуатты тұрмысқа қол жеткізу. «Әуелі өнер ізделік қолдан келсе, Ең болмаса еңбекпен мал табылық» деп, Абай тағы қайталайды. Дені сау, оқып білім алған, маман болған адамның бүгінде жоқшылық көрер жөні жоқ. Адам болудың нақты жолдарын біз Абайдың бәріміз де білетін «Ғылым таппай мақтанба» шығармасынан көре аламыз. Оның алғашқы жолдарын ғана келтіріп, талдап көрейік:

(Жалғасы 6-бетте)

Германияда, Ресейде тек ойшылдар болған» деген сөзі нақылға айналып кетті. Бахтин «нағыз философтар» деп арнаулы оқу орындарында оқыған кәсіби, маман философтарды айтып отыр.

– Тілекжан аға, Абайдың өлеңдерінде, қара сөздерінде сын, кекесін басым. Тәжірибесі аз жастар «Абай халқын жек көрген екен» деп ойлап қалмай ма?

– Абай халқын жек көрген жоқ. Қазақта: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген керемет мақал бар. Абай халқын, қазағын, қайран жұртын жанындай жақсы көрді. Бірақ ол бәріне – өзіне де, ағасына да, халқына да сын көзімен қарады. Адамдар оянса екен, ойланса екен, жаман қылықтарынан, ерсі мінездерінен арылып, түзелсе екен, жетілсе екен деп бағырып айтты, сынады.

Абай Сократты ұстаз тұтты. Оған 27 қара сөзін арнады. Сократты халқы «Бөгелек» (овод) деп атапты. Ол адамдардың надандығын, тайыздығын, жалқаулығын, қалай болса, солай өмір сүретінін сынады, кемшілігін бетіне айтты.

Абай өзіне де риза болмайды, кейде артық кетіп қалады:

...Көрінгенге қызықтым.
Ғәділетті жүректің
Әділетін бұзыппын.
Ақыл менен білімнен

Құлағын салмас,
Тіліңді алмас,

Көп наданнан түңілдім, – деп өзегін өртеген өкінішін білдіреді.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!» деген өлеңінде Абай «Жақсы менен жаманды айырманың» деп халқының аңғалдығын, тайыздығын бетіне басады.

Абайдың «Бас-басына би болған өңкей қықым, Мінекей, бұзған жоқ па елдің сиқын?» деген сөздері бүгінде өзектілігін жойған жоқ. Қазақта: «Өсер елдің ақыны көп, Өшер елдің әкімі көп» деген сөз бар. Дүние жүзіндегі бай елдердің бірі Швейцарияның министрлер кабинетінде тек 8 адам бар екен. Бізде бір ауылдық округтегі әкімдер, шенеуніктер бұдан кем болмас.

– Абай философиясы не-ні зерттейді?

– Ойшыл-философ ретінде Абай өз шығармаларында бастан-аяқ адам туралы, адамның тұрмыс-тіршілігі, мақсат-мұраты, іс-әрекеті, мінез-құлқы, жақсы-жаман жақтары туралы жазады, ойланады. Абай ілімі – негізінен адамтану ілімі. Адамды танып, түсіну үшін Абай әдебиет пен өнерге, дінге, халық даналығына, өмір тәжірибесіне сүйенеді. Абайдың философиясы – әр адамға жақын өміршең философия. Абайдың адам туралы, өмір тура-

Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.

Бұл арада тоқу деп тұрғанымыз – түсіну. Түсініктің таныммен байланысты екені сөзсіз. Сонымен бірге түсініктің негізінде ойлау, ойлану жатыр. Абайдың түсінігі терең ойдан туындаған. Көп нәрсені танып қою, білу аз, түсіну керек. Адамды танып қана қоймай, түсінуге тырысу керек. Философияда «адам – жұмбақ» деген қағида бар. Адам несімен жұмбақ? Сыртқы келбетімен, жүріс-тұрысымен, қызметімен жұмбақ емес, ішкі жан-дүниесімен, ойымен, ниетімен жұмбақ. Демек, адамды түсіну үшін оның ішкі жан-дүниесіне үңілуіміз керек. Тарихты танып қою, білу аз, түсіну керек. Тарихтан сабақ, тағылым алу керек. Кітапты, көркем әдебиетті оқып қою аз, түсіну керек, оқығанды ой елегінен өткізу керек.

Құранды оқып, аяттарды жаттап алу жеткіліксіз, олардағы қабат-қабат мағынаны түсіну керек, олардан, Абай айтатындай, ғибрат алу керек.

Кейде адамдар түсінікті ұғыммен шатастырып жатады. Ұғым (понятие) – бір сәттік әрекет, түсінік (понимание) – ұзақ процесс. Ұғым белгілі бір затты, құбылысты бейнелейді. Түсініктің аясы кең, ол – адамның зат, құбылыс, оқиға туралы, олардың

себебі, салдары, байланысы туралы ойы, пікірі.

XIX ғасырда қазақ даласында өмір сүрген Абайдың адам, адамдардың қарым-қатынасы, мінез-құлқы туралы, өмір, заман, уақыт туралы, махаббат, достық туралы, өнер, білім, ғылым, дін туралы түсінігі – ғажап, терең. «Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» дегені ескірді ме? «Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң арқалан, Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар, қалан» – дейді. Бұдан артық не айтуға болады?

«Атымды адам қойған соң, Қайтіп надан болайын?» – дейді Абай. Надандар қазір арамызда аз ба? «Адамзатқа не керек: Сүймек, сезбек, кейімек, Харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек» дейді. Қай кезде де, қай жерде де адам баласының кәсібі осы. «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және сүй хақ жолы деп әділетті» дейді. Мұндай сөзді әлем әдебиетінен де табу қиын. Осындай жауһар ойларды Абайдың кез келген туындыларынан таба аламыз. Түсінік деген осы емес пе?

Абайдың шығармалары кішігірім екі томды құрайды. Бірақ әрбір сөзінде, өлеңінде ұшан-теңіз мағына бар. Ахмет Байтұрсынов: «Абайдың